


ТЖКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

I. ТЖКБ мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу 6 кезеңнен тұрады (1-сурет).



1-сурет. Жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезеңдері (қадамдары)

Алдымен білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар анықталады (1-3 кезеңдер), содан кейін оқу жұмыс жоспары жасалады (4-6 кезеңдер).

1. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды анықтау

Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар оқыту нәтижелеріне бағдарланған, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖБС), кәсіптік стандарттар (бар болса) және басқа да салалық құжаттар негізінде айқындалады.

Оқыту нәтижелері нақты бір біліктілік бойынша практикалық қызметті жүзеге асыру үшін жалпы білім беру, базалық және кәсіби білім мен дағдыларды қолдануға бағытталуы керек екенін ескеру қажет.

МЖМБС-ға сәйкес білім беру ұйымдары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын ықпалдастыра оқытуды жүргізе алады. Мысалы, жалпы орта білім базасында «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша 180 кредитке (шартты түрде 3 жыл) екі жұмысшы біліктілігін (кондитер-ресімдеуші және аспаз) және орта буын маманын (технолог) игеруге болады.

Бірнеше біліктілікті игеру модульдердің бірыңғай базасы және қайталанатын ақпаратты алып тастау есебінен жүргізіледі.

Біліктілікті таңдау үшін өңірдегі кадрлардың қажеттілігін зерделеу қажет. Мамандықтар мен біліктіліктердің атауы техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының қолданыстағы Сыныптауышына сәйкес келуге тиіс.

1 кезең. «Жалпы білім беретін пәндер» модулінің мазмұны мен көлемін айқындау

Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі *1-қосымшаға* сәйкес қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады.

Мамандықтың бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жатады.

Мамандық бейініне байланысты ТжКБ ұйымдары оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің екі пәнін таңдайды.

Жаратылыстану-математикалық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне «Физика», «Химия», «Биология», «География» жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндерге «Дүниежүзі тарихы», «Биология», «География» жатады.

Қоғамдық-гуманитарлық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне «Дүниежүзі тарихы», «Химия», «Биология», «География» жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандартты деңгейдегі пәндерге «Физика», «Химия», «Графика және жобалау» жатады.

«Өнер және мәдениет» бейіні бойынша тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне «Шет тілі», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Химия» жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндерге «Физика», «Биология», «Графика және жобалау» жатады.

«Жалпы білім беру пәндері» модулінің оқу уақытының жалпы көлемі аралық аттестаттауды ескере отырып, 60 кредит/1440 сағатты («Хореография өнері» мамандығы бойынша – 38 кредит/912 сағат) құрайды.

Дуальді оқытуды іске асыру кезінде «Жалпы білім беру пәндері» модулінің оқу уақытының жалпы көлемі өзгертілуі мүмкін.

Пәндер бойынша кредиттерді / сағаттарды бөлуді ТжКБ ұйымы дербес жүргізеді.

2 кезең. Базалық модульдердің тізбесін, мазмұнын және көлемін айқындау

Базалық модульдер салауатты өмір салтын қолдау және дене қасиеттерді жетілдіру, нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеу, оның ішінде қаржылық сауаттылық пен кәсіпкерлік қызмет, ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды көрсететін негізгі құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

ТжКБ-ның барлық мамандықтары үшін жалпы және міндетті болып мынадай базалық модульдер табылады:

- 1) Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

Қосымша базалық модульдерді қосуға рұқсат етіледі.

«Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулін қосуды орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламаларында қарастырылуы қажет.

ТжКБ ұйымының қалауы бойынша базалық модульдер әскери мамандықтарды қоспағанда, мамандық бейініне байланысты кәсіптік модульдерге біріктіріледі.

Базалық модульдер жалпы мамандыққа анықталады (*1-кесте*).

1-кесте. «...» мамандығы бойынша базалық модульдердің тізбесі, мазмұны және көлемі

Базалық модульдер	Оқыту нәтижелері	Кредиттер/сағаттар
БМ 01. ...	ОН 1.1.
	ОН 1.2.
	ОН 1.3.
Модуль бойынша барлығы		...
БМ 02. ...	ОН 2.1.
	ОН 2.2.
Модуль бойынша барлығы		...
...
ЖИЫНЫ		...

Базалық модульдердің мазмұнын айқындау кезінде ТжКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген ТжКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын пайдалану ұсынылады.

Базалық модульдер бойынша кредиттер/сағаттар көлемін ТжКБ ұйымы дербес айқындайды. Әр модульдің көлемі кредиттердің бүтін санын құрайды. Оқыту нәтижесінің көлемін айқындау кезінде кредиттердің бөлшек санына рұқсат беріледі.

3 кезең. Кәсіптік модульдердің тізбесін, мазмұнын және көлемін айқындау

Кәсіптік модульдер белгілі бір кәсіби қызметте маманның кең және нақты функциялары ретінде анықталатын кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

МЖМБС сәйкес ТжКБ ұйымдарына міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, модульдердің мазмұны мен көлемін айқындау бойынша толық дербестік беріледі. Бұл ретте кәсіптік модульдердің мазмұны экологиялық және/немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескеруі тиіс.

Модульдердің тізбесі мен мазмұнын анықтау үшін біліктілік бойынша кәсіби қызметтің мазмұнына нақты талдау, яғни **функционалдық талдау** жүргізу қажет (*2-қосымшаны қараңыз*).

Кәсіптік модульдердің мазмұнын айқындау кезінде ТжКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген ТжКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын (бұдан әрі – ҮОЖ) пайдалануға болады.

Модуль кредиттерінің көлемі және оқыту нәтижелері қалыптастырылатын құзыреттің күрделілігіне байланысты.

ҮОЖ және/немесе функционалдық талдау негізінде әрбір таңдалған біліктілік бойынша кәсіптік модульдердің тізбесі, мазмұны және көлемі айқындалады (*2-кесте*).

2-кесте. «...» біліктілігі бойынша кәсіби модульдердің тізбесі, мазмұны және көлемі

Кәсіптік модульдер	Оқыту нәтижелері	Кредиттер/сағаттар
КМ 01. ...	ОН 1.1.
	ОН 1.2.
	ОН 1.3.
Модуль бойынша барлығы		...
КМ 02. ...	ОН 2.1.
	ОН 2.2.
	ОН 2.3.
Модуль бойынша барлығы		...
...
ЖИЫНЫ		...

Оқыту нәтижелерін анықтау және сипаттау бойынша ұсынымдар 4-қосымшада көрсетілген.

ТЖКБ ұйымының қалауы бойынша біліктілікті меңгерудің практикалық тәжірибесін кеңейту мақсатында кәсіптік модульдер шеңберінде жобалау жұмысы арқылы білім алушының жеке компоненті іске асырылады.

Жобалау жұмысының мысалы: өндірістік оқыту шеберінің басшылығымен шеберханаларда білім алушыларды олардың қалауы бойынша өнім өндіруге жұмылдыру.

Жобалау жұмысын орындау үшін қажетті кредиттердің жалпы санын білім беру ұйымы айқындайды.

Білім беру ұйымы кредит беру арқылы жобалау жұмысының нәтижелерін мақұлдайды.

1. Оқу жұмыс жоспарын құру

Оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жасалады.

Жұмыс оқу жоспарын құру кезінде мыналарды ескеру қажет:

– оқу жылында барлығы 52 апта, оның ішінде 40 апта міндетті оқуға. Демалыс уақыты жылына 11 аптаны құрайды, оның ішінде қысқы кезеңде – кемінде 2 апта, 1 апта-мереке күндері;

– оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтер мен консультациялар кірмейді), білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспайды;

– 1 кредит-24 академиялық сағат, 1 академиялық сағат – 45 минут, шартты түрде 1 оқу жылы - 60 кредит;

– жалпы білім беру пәндері - 60 кредит/1440 сағат («Хореография

өнері» мамандығы бойынша - 38 кредит/912 сағат). Дуальді оқытуды іске асыру кезінде жалпы білім беретін пәндерге кредиттер/сағаттар саны өзгеруі мүмкін;

– жұмыс біліктілігін игеру – 60-120 кредит (біліктіліктің күрделілігіне байланысты), орта буын маманын игеру – 120-180 кредит (оның ішінде ұқсас жұмыс біліктілігін игеру);

– өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практика көлемі кәсіптік модульдерге оқу уақытының жалпы көлемінің кемінде 40% - ын құрайды;

– оқу уақытының көлемін білім беру қызметінің түрлері мен нысандары бойынша, сондай-ақ семестрлер бойынша сағатпен бөлу жүргізіледі.

Жұмыс оқу жоспарыкелесі құрылымды қамтиды:

- титул парағы;
- оқу процесінің кестесі;
- уақыт бюджеті туралы жиынтық мәліметтер;
- оқу процесінің жоспары;
- оқу жоспарына түсіндірме жазба.

Титул парағы мамандықтың (біліктіліктің) коды мен атауы, келісу және бекіту грифі көрсетілген жұмыс оқу жоспарының бірінші беті болып табылады.

Мамандықтың (біліктіліктің) коды мен атауы техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының қолданыстағы Сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Титул парағы	

(білім беру ұйымының атауы)	
Бекітемін Басшы _____ Т. А. Ә, (болған жағдайда) «__» _____ 20__ ж.	
Жұмыс оқу жоспары	
Мамандығы _____	(коды және атауы)
Біліктілігі _____	(коды және атауы)
Оқыту түрі _____	
Білім беру бағдарламасын менгеру мерзімі _____	

2-сурет. Титул парағының түрі

Оқу процесінің кестесі модульдер мен дипломдық жобалау бойынша оқу кезеңін, аралық және қорытынды аттестаттау мерзімдерін, сондай-ақ демалыс пен мереке күндерінің ұзақтығын көрсете отырып, оқу жылдары мен семестрлері бойынша құрылады (3-сурет).

Оқу процесінің кестесі																		
Курстар	Қыркүйек			Қазан			Қараша			Желтоқсан			Қаңтар			Ақпан		
апта																		
I																		
II																		
III																		
IV																		
жалғасы																		
+																		
Наурыз			Сәуір			Мамыр			Маусым			Шілде			Тамыз			

Шартты белгілер:
 ТО-теориялық оқыту
 ӨО- өндірістік оқыту
 КП-кәсіптік практика
 АА-аралық аттестаттау
 ДЖ-дипломдық жобалау (егер жоспарланса)
 Д-демалыс
 Мкүн-мереке күндері
 ҚА-қорытынды аттестаттау
 ДЖ - далалық жиналу

3-сурет. Оқу процесі кестесінің түрі

Уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректерде аптадағы оқу жұмысының түрлері көрсетіле отырып, курстар бойынша уақыт бюджетінің негізгі сипаттамалары айқындалады. Оқу процесінің кестесі негізінде толтырылады.

Уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректер нысаны *3-кестеде* көрсетілген.

3-кесте. Уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректер

Уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректер										
Курс	Теориялық оқыту			Аралық аттестаттау	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика	Дипломдық жобалау (егер жоспарланған болса)	Қорытынды аттестаттау	Мереке күндері	Демалыстар	Оқу жылындағы барлық апта
	апта	сағат	кредит							
I										
II										
III										
IV										
Барлығы										

Оқу процесінің жоспары модульдер мен оқу пәндерінің тізбесін, бақылау нысанын, оқу семестрлерін көрсете отырып, модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу уақытының көлемін реттейді (4-сурет).

Оқу жұмыс жоспарының құрылымы										
Индекс	Модульдердің / Пәндердің атауы	Бақылау нысандары			Оқу уақытының көлемі					
		емтихан	сынақ	бақылау жұмысы	Кредиттер	Барлық сағат саны	оның ішінде			
							теориялық	зертханалық-практикалық	курстық жоба / жұмыс	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
жалғасы										
Оқу уақытының көлемі					Семестрлер мен курстар бойынша белгі					
оның ішінде					1 курс		2 курс		N	
Өндірістік оқыту / кәсіптік практика		Жеке ¹			Семестрлер					
11		12			1	2	3	4	5	6
					13	14	15	16	17	18
					19	20				

¹ - ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды және оқыту жеке сабақтар сағаттарын көздейтін «Өнер» бейіні бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарды оқыту кезінде толықтырылады

4-сурет. Оқу процесі жоспарының түрі

Оқу жоспарына түсіндірме жазба оқу процесін ұйымдастырудың, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің ерекшеліктерін көрсетеді, оқу жоспарының жекелеген ережелерін ашады және нақтылайды.

Оқу жоспарына түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай жалпы ережелерді қамтуы мүмкін:

- модульдерді оқыту ерекшеліктері;
- оқыту және бақылау әдістері мен тәсілдері;
- өндірістік оқыту мен практиканы ұйымдастыру;
- аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру;
- консультациялар мен факультативтік сабақтар өткізу;
- және басқа.

Оқу процесі жоспарының үзіндісі 3-қосымшада көрсетілген.

II. Модульдер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

Оқу жұмыс бағдарламасы-оқу жұмыс жоспарының нақты модулі үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы әзірлейтін құжат.

Жұмыс оқу бағдарламасы оқыту мен бақылауды жоспарлауға, модуль/пән шеңберінде теориялық (*сабақ, дәріс, семинар және т.б.*) және практикалық (*ЗПС, курстық жобалар және т.б.*) сабақтардың, өндірістік оқытудың және/немесе кәсіптік практиканың байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жұмыс оқу бағдарламасы курстар (семестрлер) бойынша бөле отырып, модульді зерделеудің барлық кезеңіне жасалады. Бұл ретте ТЖКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын пайдалану ұсынылады. Жұмыс оқу бағдарламасын оқу орнының басшысы бекітеді.

2. Негізгі міндеттері мен функциялары

Оқу жұмыс бағдарламасының негізгі міндеттері:

✓ оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін модуль бойынша оқыту мазмұнын ашу;

✓ оқу уақытын оқыту нәтижелері бойынша (сағат/кредит), сабақ түрлері мен семестрлер (сағат) бойынша бөлу;

✓ әрбір бағалау критерийі бойынша бағалау тапсырмаларын анықтау;

✓ сабақтарды тиімді өткізу үшін қажетті оқу құралдары мен оқу-әдістемелік материалдарды анықтау.

Оқу жұмыс бағдарламасы келесі функцияларды орындайды:

✓ **нормативтік ереже** (толық көлемде орындау үшін міндетті);

✓ **мақсат қою** (сол немесе басқа білім беру саласына енгізілген мақсаттарға қол жеткізу үшін анықтайды);

✓ **мазмұны бойынша нұсқаулық** (білім алушылардың игеруі тиіс оқу нәтижелерін анықтайды);

✓ **процессуалдық** (оқыту нәтижелерін игерудің логикалық дәйектілігін, оқыту нысандары мен құралдарын анықтайды)

✓ **бағалау курсы** (бағалау критерийлері бойынша бағалау тапсырмалары арқылы оқытуу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейлерін анықтайды).

Жұмыс оқу бағдарламасы:

✓ **оқытушыларға** - сабаққа алдын-ала дайындалу, өз іс-әрекеттерін жоспарлау, сабаққа қажетті оқу құралдары мен оқу жабдықтарын дайындауға;

✓ **білім алушыларға** - бақылаудың барлық түрлерімен модуль бойынша оқыту курсы тұтас ұсынуға;

✓ **оқу орны әкімшілігіне** - жұмыс оқу жоспарының орындалу барысына және білім алушылардың біркелкі жүктелуіне жүйелі бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымы

Жұмыс оқу бағдарламасына мыналар кіреді:

- титул парағы;
- түсіндірме жазба;
- семестрлер бойынша сағаттарды бөлу;
- жұмыс оқу бағдарламасының мазмұны.

Жұмыс оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен нысанға сәйкес ресімделеді.

Титулдық парақта оқу орны туралы мәліметтер, мамандықтың (біліктіліктің) коды мен атауы, оқыту нысаны мен білім беру базасы, сондай-ақ келісу және бекіту туралы деректер көрсетіледі. Ұсынылған нысанға сәйкес ресімделеді (5- сурет).

Білім беру ұйымының атауында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікке сәйкес оқу орнының толық атауы көрсетіледі.

Мамандық пен біліктіліктің коды мен атауы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27.09.2018 ж. №500 бұйрығымен бекітілген ТЖКБ мамандықтары мен біліктіліктерінің Сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Оқыту нысаны (*күндізгі, кешкі, сырттай*) және оқыту базасы (*негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім*) білім алушыларды қабылдау туралы Бұйрыққа сәйкес көрсетіледі.

_____ (білім беру ұйымының атауы)
Бекітемін Басшы _____ Т.А.Ә. " ____ " _____ 20__ ж.
Модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламасы _____ (модуль атауы)
Мамандық _____ _____ (коды және атауы)
Біліктілігі _____ (коды және атауы)
Оқыту түрі _____ орта білім беру базасында Жалпы сағат саны _____, кредиттер _____ Әзірлеуші (- лер) _____ _____ (қолы) Т.А.Ә.

5-сурет. Оқу жұмыс бағдарламасына арналған титул парағы

Түсіндірме жазбада келесі ақпарат бар:

- модуль сипаттамасы (*модуль бойынша оқыту мақсаты, модульдің қысқаша мазмұны*);
 - қалыптасатын құзыретке (*модульді игеруге бағытталған еңбек функциясының сипаттамасы*);
 - пререквизиттер (*білім алушы модульді оқу алдында меңгере алатын оқыту нәтижелерінің тізбесі*) және постреквизиттер (*білім алушы осы модульді аяқтағаннан кейін меңгере алатын оқыту нәтижелерінің тізбесі*);
 - қажетті оқу құралдары мен жабдықтар (*оқу-зертханалық жабдықтар, оқу-өндірістік жабдықтар, техникалық оқыту құралдары, оқу-көрнекі құралдар, бейнесабақтар және т.б.*);
 - оқытушының байланыс ақпараты.
- Қолдану қолайлылығы үшін кесте келесідей толтырылады.

4-кесте. Түсіндірме жазбаның нысаны

Модуль сипаттамасы	
Қалыптастырылатын құзыреттер	
Пререквизиттер	
Постреквизиттер	
Қажетті оқу құралдары, жабдықтар	
Оқытушының (-лардың) байланыс ақпараты:	
Т.А.Ә	тел.:
	e-mail:

Семестрлер бойынша сағаттарды бөлу берілген кестеге сәйкес жүргізіледі (5-кесте).

5-кесте. Семестрлер бойынша сағаттарды бөлу түрі

Модульдің коды және атауы	Модульдегі барлық сағат саны	Оның ішінде							
		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс	
		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>	<i>10</i>
Барлығы:									
Модуль бойынша оқыту жиыны									

«Жұмыс оқу бағдарламасының мазмұны» бөлімі кесте түрінде ресімделеді (6-кесте):

- 1-бағанда тармақтың реттік нөмірі көрсетіледі.;
- 2-бағанда оқыту нәтижелері көрсетіледі. Оқыту нәтижелерін анықтау және сипаттау бойынша ұсынымдар *4-қосымшада* көрсетілген;
- 3-бағанда бағалау критерийлері көрсетіледі. Бағалау критерийлерін анықтау және сипаттау бойынша ұсынымдар *4-қосымшада* көрсетілген;
- 4-8-бағандарда оқыту уақытының жалпы көлемі, сондай-ақ оқу жұмыс жоспарының деректері негізінде оқу қызметінің түрлері мен нысандары бойынша сағаттардың бөлінуі көрсетіледі;
- 9-бағанда сабақтың түрі (*теориялық, практикалық, зертханалық-практикалық және т.б.*) көрсетіледі;
- 10-бағанда бағалау тапсырмалары (*тест, бақылау тапсырмалары, ЗПС қорғау, жұмыс пен жобаны қорғау, практика бойынша есеп және т.б.*) көрсетіледі.

6 -кесте. Оқу жұмыс бағдарламасы мазмұнының түрі

№	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері	Кредиттер / сағаттардың барлығы	оның ішінде				Сабақ түрі	Бағалау тапсырмалары
				Теориялық	Зертханалық-практикалық	Өндірістік оқыту және / немесе практика	Жексе*		
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>	<i>10</i>
...

** ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды және «Өнер» бейіні бойынша ұйымдарды оқыту кезінде толтырылады, оларды оқыту жеке сабақтар сағаттарын көздейді.*

Бағалау тапсырмалары бағалаудың әрбір критерийіне айқындалады. Бұл жағдайда бағалау критерийі, сабақтың түрі және бағалау тапсырмасы мазмұны жағынан да, форматы бойынша да бір-бірімен келісілуі керек.

Мысалы, егер бағалау критерийі талдау қабілетімен байланысты болса, онда бұл шеберлікті дамыту үшін оқу сабақтары аналитикалық тапсырмалармен толықтырылады, ал бағалау тапсырмасы білім алушыға нені талдай алатындығын көрсетуге мүмкіндік беруі керек.

Егер бағалау критерийі білім алушыларға белгілі бір іскерлікті көрсету болып табылса (мысалы: ағаштан ас үй үстелін жасау), онда оқу сабақтары да практикалық және осы іскерлікті әзірлеуге бағытталуы тиіс, ал бағалау тапсырмалары осы іскерлікті бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Білім алушы дайындаған ас үй үстелінің сапасы бойынша ағымдағы бағалау жүргізу кезінде оқытушы оның бағасын анықтайды.

Осылайша, оқу процесі бағалау тапсырмалары жоспарланған бағалау критерийлеріне шынымен қол жеткізілгенін тексеруге мүмкіндік беретін етіп ұйымдастырылады, егер болса, қандай дәрежеде.

Модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламасының мысалы *5-қосымшада* көрсетілген.

Даярлау бағыттары бөлінісінде мамандықтардың бейіндері

Дайындық бағыты	Мамандық бейіні
Жаратылыстану-математикалық	<p>Пәндік мамандануы бар оқытушыларды даярлау («Информатика», «Кәсіптік оқыту» мамандықтары); Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс; Қоршаған орта және жабайы табиғат; Жер туралы ғылымдар; Статистика; Деректер базасын және ақпараттық желілерді құру және оларды әкімшілендіру; Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және талдау; Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен байланысты пәнаралық бағдарламалар мен біліктіліктер; Химиялық инженерия және процестер; Қоршаған ортаны қорғау технологиясы; Электротехника және энергетика; Электроника және автоматтандыру; Механика және металл өңдеу; Көлік құралдары, теңіз және әуе кемелері; Азық-түлік өндірісі; Материалдар өндірісі (шыны, қағаз, пластик және ағаш); тоқыма (киім, аяқ киім және былғары бұйымдар); Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру; Сәулет және қала құрылысы; Құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс; Жобалауға, өндіруге және құрылысқа байланысты пәнаралық бағдарламалар мен біліктіліктер; Ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру және мал өсіру; Өсімдік шаруашылығы; орман шаруашылығы; Ветеринария; Тұрмыстық қызмет көрсету; Шаштараз және косметологиялық қызметтер; Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы (мамандығы «Тамақтандыруды ұйымдастыру»); Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік; Азаматтар мен меншікті қорғау; Көлік қызметтері.</p>
Қоғамдық-гуманитарлық	<p>Мектепке дейінгі мекемелерге тәрбиешілерді даярлау; Пәндік мамандандырусыз оқытушыларды даярлау; Пәндік мамандандырумен оқытушыларды даярлау; Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн; Бейнелеу өнері; Қолөнер өндірісі; Музыка және театр өнері; Дін және теология; Тіл үйрену; Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағат ісі; Бухгалтерлік іс және салық салу; Қаржы, банк және сақтандыру ісі; Менеджмент және басқару; Маркетинг және жарнама; Құқық; Стоматология; Медицина; Науқастарға күтім жасау (Мейірбике ісі) және акушерия; Медициналық диагностика және емдеу технологиялары; Фармацевтика; Әлеуметтік жұмыс және кеңес беру; Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз етумен байланысты пәнаралық бағдарламалар мен біліктіліктер; Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы; Саяхат, туризм және бос уақыт.</p>

Біліктілікті функционалды талдау

Біліктілікті функционалды талдау келесі қадамдарды қамтиды:

1) белгілі бір біліктілік бойынша мазмұны мен талаптарын айқындайтын құжаттаманы жинау (*салалық біліктілік шеңберлері, кәсіптік стандарттар, жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының, WorldSkills стандарттарының біліктілік анықтамалығы және т.б.*). Қосымша ақпарат көзі ретінде Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттердің Атласын пайдалануға болады.

Егер қаралатын біліктілік бойынша кәсіптік стандарт болса, онда оқу жұмыс жоспарларын әзірлеушілер мыналарды ескеруі тиіс:

- бағдарлама шеңберінде зерделенетін біліктіліктерге ТЖКБ біліктілігіне ұқсас немесе бірдей атауы бар бір кәсіптік стандарт сәйкес келуі мүмкін;

- бағдарлама шеңберінде оқытылатын біліктілікке қандай да бір кәсіптік стандарттың белгілі бір бөлігі ғана сәйкес келуі мүмкін, яғни еңбек функцияларының және/немесе кәсіби міндеттердің бір немесе бір бөлігі сәйкес келуі мүмкін;

- бағдарлама шеңберінде зерделенетін біліктіліктерге бірқатар кәсіптік стандарттар сәйкес келуі мүмкін, бұл ретте кәсіптік стандарттар әртүрлі салаларға жатқызылуы мүмкін.

2) біліктілік бойынша кәсіби қызметтің негізгі мақсатын анықтау және сипаттау (*2-кестені* қараңыз).

Негізгі мақсатты анықтау - осы біліктілік бойынша қызметкер шешетін міндеттер тізімін жасау. Негізгі мақсат еңбек функцияларының толық тізбесін жасауға және қажетсіз еңбек функцияларын алып тастауға ықпал етеді.

3) қызметтің негізгі мақсаты туралы түсінік алып, келесі кезеңге өтуге болады: еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерді анықтау.

Еңбек функциялары әрбір біліктілік үшін жеке әзірленеді.

Салаға байланысты еңбек функцияларын анықтау үшін әртүрлі тәсілдер қолданылуы мүмкін:

- өнім өндіру циклін қарастыру аясында. Мысалы, көкөністер өндірісін бөлуге болады: өсіру, жинау, жуу, кесу, консервілеу және орау;

- әр түрлі өнімдер бойынша. Мысалы, спагеттидің әртүрлі түрлерін өндіру: ұзын, қысқа, классикалық кесу, сәндік және толтырылған; басқа тәсілдер;

- басқа.

Кәсіби міндеттерді анықтау әдісін таңдау еңбек функциясының мазмұнына байланысты. Айта кету керек, әзірлеушілер қолданатын әдіс жүргізілген функционалды талдаудың логикалық тәртібіне сәйкес келуі керек

және «Бұл еңбек функциясына қол жеткізу үшін не істеу керек?» деген сұраққа жауап беруі керек.

Әзірлеушілер жұмыс берушілердің талаптарын сыни тұрғыдан талдауы керек, өйткені функционалды талдау нәтижесі белгілі бір кәсіпорынның мүдделеріне ғана емес, сонымен қатар белгілі бір деңгейдегі біліктілік моделін құру логикасына сәйкес келуі керек.

4) Келесі қадам-функционалдық карта жасау.


Функционалдық карта кестелік түрде немесе белгілі бір сызба түрінде ресімделеді. «Техник-гидрогеолог» біліктілігінің функционалдық картасының мысалы *1-кестеде* көрсетілген.

1- кесте. «Техник-гидрогеолог» біліктілігінің функционалдық картасы

Негізгі мақсаты	Еңбек функциялары	Кәсіби міндеттер
Пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу, барлау, қайта бағалау, жете барлау, пайдалану барлауы, әртүрлі ауқымдағы гидрогеологиялық, геоэкологиялық, инженерлік-геологиялық түсірулер кезінде далалық және камералдық гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізу	ЕФ 1. Гидрогеологиялық материалдар мен жабдықтарды дала жұмыстарына дайындау	КМ 1. Зерттелетін ауданның гидрогеологиялық жағдайлары туралы материалдар мен мәліметтерді жинауды орындау КМ 2. Далалық жабдықтар мен құралдарды дайындау
	ЕФ 2. Дала жұмыстарын жүргізу	КМ 3. Дала лагерінің орнын таңдауды жүзеге асыру
		КМ 4. Далалық лагерьді орналастыру
		КМ 5. Дала жұмыстарын жүргізу
	ЕФ 3. Бастапқы гидрогеологиялық ақпаратты камералдық өңдеуді орындау	КМ 6. Бастапқы гидрогеологиялық ақпаратты жинауды орындау
		КМ 7. Дала лагерін жинауды жүзеге асыру
		КМ 8. Жабдықты, жарақты және гидрогеологиялық ақпаратты сақтауға беруді жүзеге асыру
		КМ 9. Бастапқы гидрогеологиялық ақпаратты өңдеуді орындау
		КМ 10. Участкеде гидрогеологиялық жұмыстардың осы кезеңінің нәтижелері туралы есепті дайындау және ресімдеу

5) біліктіліктер бойынша нақтыланған және сапалы функционалдық талдау негізінде қалыптастырылған функционалдық карта оқу жұмыс жоспарын жобалау құралы болып табылады.

Төменде жұмыс оқу жоспарына функционалды карта проекциясының сызбасы берілген (*1-сурет*).



1- сурет. Біліктілік бойынша оқу жұмыс жоспарына функционалды карта проекциясының сызбасы

Жұмыс оқу жоспарының үзіндісі
 Мамандығы: 07130200-Электрмен жабдықтау (салалар бойынша)
 Біліктілігі: 3w07130201-Электрмонтаждаушы (салалар бойынша)

Индекс	Модульдер мен оқыту нәтижелерінің атауы	Бақылау түрі			оқу уақытының көлемі							курстар мен семестрлер бойынша бөлу							
		өміткен	сараланған сабақ	бақылау жұмысы	кредиттер	көрсеткіш	оның ішінде					Семестрлер							
							теориялық	зерттеулік-практикалық	курсқа жұмыс/жоба	өндірістік оқыту / кәсіптік практика	Жаңа *	1 курс		2 курс		3 курс		4 курс	
												1 сем	2 сем	3 сем	4 сем	5 сем	6 сем	7 сем	8 сем
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
	"Жалпы білім беру пәндері" модулі																		
ЖБП 01	Қазақ тілі мен әдебиеті																		
ЖБП 02	...																		
	Терең деңгей																		
ЖБП																		
	Стандартты деңгей																		
ЖБП																		
	"Білікті жұмысшы кадрлар" деңгейі біліктілік: 3w07130201 – электр монтаждаушы (салалар бойынша)																		
М 00	Базалық модульдер																		
М 01	...																		
...	...																		
	Кәсіптік модульдер												
М 01	Электр жабдықтарын монтаждау үшін дайындық жұмыстарын орындау	3	3	2	24	576	76	104		396		0	32	148					
ӘН 1.1	Үшін қолданылатын материалдардың қасиеттерін анықтау және жіктеу				5	120	24	24		72			32	16					
ӘН 1.2	Шартты графикалық белгілерді оқып шығыңыз, тұтынылатын қуат пен кабельдің қажетті бөлігін есептеңіз, электр монтаждауын типтік			1	3	72	20	16		36				36					
ӘН 1.3	Электр монтаждау жұмыстарына арналған жабдықты орауды, тазалауды жүргізу			1	2	48	4	8		36				12					
ӘН 1.4	Электр монтаждау жұмыстарына арналған аспаптардың, айлабұйымдардың, бақылау-өлшеу аспаптарының және жабдықтардың жарамдылығын тексеру				6	144	8	28		108				36					
ӘН 1.5	Электрмонтаждау жұмыстарын орындау үшін құралды, жабдықты, сымдарды, электр розеткаларын, ажыратқыштарды жинақтау және жинау.				8	192	20	28		144				48					

Жалғасы

КМ 02	Жарықтандыру және жарықтандыру желілерін монтаждау	4	4	3	28	672	130	182	0	360					312				
ОН 2.1.	Жарықтандыру және жарықтандыру желілері үшін кабель мен электр жабдықтарын тандау және жарықтандыру және жарықтандыру желілерін электрмен жабдықтауға дайындық жұмыстарын жүргізу.				7	168	36	60		72					96				
ОН 2.2	Электр сымдарының барлық түрлерін монтаждау бойынша жұмыстарды орындау (жарылыс қаупі бар аймақтардағы сымдардан басқа).			1	6	144	24	48		72					72				
ОН 2.3	Барлық түрдегі шамдарды, Өртүрлі электр қондырғылары мен құрылғыларын орнатыңыз.			1	5	120	24	24		72					48				
ОН 2.4.	Жарықтандыру желілері мен жабдықтарына жөндеу жүргізу				10	240	46	50		144					96				
КМ 03	...																		
ОН 3.1.	...																		
...	...																		
КМ 04	Монтаж распределительных устройств и вторичных цепей.	6	6	2	32	768	100	92	0	576					192				
ОН 4.1.	Электр сымдарының әртүрлі түрлерін орындану.			1	2	48	6	6		36					12				
ОН 4.2.	Екінші реттік тізбектердің аспаптары мен аппараттарын орнату және қосу.			1	6	144	18	18		108					36				
ОН 4.3.	Тарату құрылғыларын орнатыңыз және қосыңыз.				7	168	10	14		144					24				
ОН 4.4.	Тарату құрылғылары мен екінші тізбектерді монтаждаудың сапасы мен сенімділігін тексеру.				8	192	18	30		144					48				
ОН 4.5.	Тарату құрылғылары мен екінші реттік тізбектерді жөндеу және монтаждау.				9	216	48	24		144					72				
АА	Аралық аттестаттау																		
ҚА	Қорытынды аттестаттау																		
	Білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін міндетті оқытуға жынытығы																		
Ф	Факультативтік сабақтар																		
К	Консультациялар																		
	Барлығы																		

Ескертпе: қажет болған жағдайда оқыту нәтижесін оны қалыптастыратын пәндерге бөлуге рұқсат беріледі.

Оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлерін анықтау және сипаттау бойынша ұсынымдар

Оқыту нәтижелері қалыптастырылатын құзыреттілікке байланысты айқындалады және білім беру бағдарламаларында модульдерге топтастырылады:

Құзыреті 1	ОН 1.1	Модуль 1
	ОН 1.2	
	ОН 1.3	
Құзыреті 2	ОН 2.1	Модуль 2
	ОН 2.2	
	ОН 2.3	
...

Осы немесе басқа кәсіби тапсырманы орындау үшін қажетті білім негізінде және берілген шарттарға сәйкес оны жүзеге асырудың ең оңтайлы жолын анықтау (әдісті таңдау) қажет. Сондықтан оқыту нәтижелерін сипаттау кезінде белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқытудың әрбір модулі шеңберінде білімнің, іскерліктің және құзыреттіліктің (дербестік және жауапкершілік дәрежесі) рөлін айқындау қажет.

«**Білім**» - адамға нақты кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін пәндік саланың құрылымдалған ақпараты.

«**Іскерлік**» - бұл еңбек әрекетін жүзеге асырудың ең жақсы тәсілі.

«**Құзыреттілік**» жұмыс немесе оқу жағдайларында, сондай-ақ кәсіби және/немесе жеке дамуда білім мен дағдыларды пайдаланудың дәлелденген қабілетін білдіреді. Жалпы алғанда, құзыреттілік дербестік пен жауапкершілік дәрежесі ретінде анықталады.

Оқыту нәтижесін тұжырымдау: алдымен нәтижеге жету үшін талап етілетін іс-әрекеттің сипаттамасы беріледі (*етістік, бірнеше етістік*); содан кейін іс-әрекеттің түрі сипатталады (*зат есім, бірнеше зат есім*); содан кейін іс-әрекеттің контексті/жағдайы сипатталады (*іс-әрекеттің мақсаты, іс-әрекетке бағытталған тұлға және басқалар*).

Оқытудың тиісті компоненттері бойынша оқыту нәтижелерінің мысалы:

Оқыту компоненттері	Оқыту нәтижелері (білім алушы қабілетті)
Білім (білім алушы біледі)	<ul style="list-style-type: none"> – химиялық заттардың тәртібі мен қасиеттеріне жауап беретін құрылымдық сипаттамаларды сипаттау; – химиялық заттарды бөлу және араластыру принциптерін және тиісті процедураларды ажырата білу; – көлік құралы компоненттерінің, құрастырмаларының және жүйелерінің жұмысын сипаттау;

	<ul style="list-style-type: none"> – техникалық қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды қолдану; – қауіпті заттармен жұмыс істеуге қатысты ережелерді түсіндіру; – ...
Іскерлік (білім алушы істей алады)	<ul style="list-style-type: none"> – номенклатураны қолдана отырып, өнімді сатуды жүзеге асыру; – ақпараттық және коммуникациялық технологияларды деректерді қорғау талаптарын ескере отырып пайдалану; – химиялық заттар мен өндірістік процедураларды таңдап, формулалар жазу; – олардың мақсаты мен пайдалану шарттары бойынша конструкцияларға арналған материалдарды таңдау; – ...
Құзыреттілік (өздігінен және жауапкершілік тұрғысынан)	<ul style="list-style-type: none"> – өндіріс пен техникалық қызмет көрсету шығындарын есептеу, рентабельділікті талдау; – деректерді талдау және оларды шешім қабылдау үшін негіз ретінде ұсыну; – түрлі электр шамаларын, электр машиналары мен механизмдерін өлшеу кезінде аспаптарды қосу схемаларын құрастыру және жинау; – ...

Оқыту нәтижелері нақты біліктілік бойынша кәсіби міндеттерге сәйкес сипатталады және оқытудың нақты әдістеріне немесе оқыту тәсілдеріне тәуелді емес.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде оқыту нәтижелері:

- біліктілікке жатады;
- білім алушының іс-әрекетіне қойылатын талаптарды сипаттайды;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және өзін-өзі бағалау үшін нақты терминдермен тұжырымдалады;
- оқыту формалары мен әдістеріне тәуелді емес.

Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу бағалаудың айқын және ашық өлшемдеріне негізделген **бағалау критерийлері** арқылы бағаланады.

Оқытудың нақты нәтижелері бойынша **бағалау критерийлерінің** мысалы:

Оқыту нәтижелері (білім алушы қабілетті)	Бағалау критерийлері
Жергілікті жердің жоспарлануын орындау	1. Алаң жоспарын горизонтальдарда жасау. 2. Қазба және жағалау көлемін есептеу. 3. Жер жұмыстарының картограммасын дайындау. 4. Жер жұмыстарының балансын анықтау.
Жабдықтың тораптары мен механизмдерін монтаждауды орындау	1. Бастапқы деректерді талдау (техникалық құжаттама, жабдық, агрегаттар мен машиналар). 2. Көтергіш-такелаждық бұйымдардың түрлерін пайдалана отырып, жабдықтарды, агрегаттар мен машиналарды жинау.

Оқыту нәтижелері (білім алушы қабілетті)	Бағалау критерийлері
	3. Жабдықтардың, агрегаттар мен машиналардың жұмысын реттеу. 4. Жабдықтарды, агрегаттар мен машиналарды биіктікте жұмыс істеу ережелерін сақтай отырып, әртүрлі биіктікте орнату.
Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебін орындау	1. Белгілі бір объектінің қоршау конструкциялары материалдарының қасиеттері мен сипаттамаларын анықтау. 2. Белгілі бір объектінің қоршау конструкцияларын есептеу үшін нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану. 3. Нақты объектінің қоршау конструкцияларының жылу техникалық есептеулерін орындау.

Оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлерінің үйлесімділігі білім алушыға не нәрсеге қол жеткізу керектігі туралы нақты түсінік береді. Бағалаудың нақты критерийлері мұғалімнің кері байланыс құрылымы бойынша жұмысын жеңілдетеді. Бағалау критерийлері көп болмауы керек (3-тен 5-ке дейін ұсынылады).

Бағалау критерийлерінің объективтілігі, егер оларда процестің немесе қызмет өнімінің стандарттарға – МЖСТ, ҚНЖЕ, техникалық регламенттер, қауіпсіздік техникасы ережелеріне (қызмет нәтижесінің немесе процесінің сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін басқа құжаттар, мысалы, технологиялық карта) сәйкестігіне сілтеме болса, қамтамасыз етіледі.

Егер нормативтік бекітілген эталон болмаса, өнімнің немесе процестің сапалық сипаттамаларын (дұрыстығы, дәлдігі, ұтымдылығы, нәтижелілігі, негізділігі және т.б.) пайдалануға немесе талаптардың түрін (мысалы, есептің техникалық құжаттаманы ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігін) көрсетуге болады. Бұл жағдайда әзірлеушілер өнімнің немесе қызмет процесінің формальды сипаттамасын дербес әзірлеуі керек (еңбек әрекетін орындау үшін «эталон белгілеу»).

Бағалау критерийлері:

- білім алушының дәл осы нәтижеге қол жеткізгенін көрсету үшін оқыту нәтижелерінің мәнін ашуға;
- оқыту нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін көрсетуге арналған әдістер;
- айқын, өлшенетін және бақыланатын болуы тиіс.

Бағалау критерийлері оқыту нәтижелеріне ұқсас тұжырымдалады, яғни әрекет етістігінен басталады. Тек бір етістікті қолдану ұсынылады, өйткені бұл бағалауды жеңілдетеді.

Бағалау критерийлерін сипаттау кезінде Блум таксономиясы негізінде етістіктердің тұжырымдарын қолдануға болады.

Модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламасының мысалы

(білім беру ұйымының атауы)

БЕКІТЕМІН

Басшы _____

Т.А.Ә.

« ____ » _____ 20__ ж.

Модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламасы «Жарықтандыру және жарықтандыру желілерін орнату»

Мамандығы: 07130200-Электрмен жабдықтау (салалар бойынша)

Біліктілігі: 3w07130201-Электрмонтаждаушы (салалар бойынша)

Оқыту түрі: күндізгі, негізгі орта білім базасында

Жалпы сағат саны: 672, **кредит:** 28

Әзірлеуші (лер) _____
(қолы) Т.А.Ә.

Түсіндірме жазба

Модуль сипаттамасы	
Қалыптастырылатын құзыреттер	
Пререквизиттер	
Постреквизиттер	
Қажетті оқу құралдары, жабдықтар	
Оқытушының (лардың) байланыс ақпараты:	
Т.А.Ә.	тел.:
	e-mail:

Семестрлер бойынша сағаттарды бөлу

Модуль коды және атауы	Кредиттер/ сағаттардың барлығы	Оның ішінде								
		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс		
		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
КМ 02. Жарықтандыру және жарықтандыру желілерін монтаждау	28/ 672				672					
Модуль бойынша оқыту жиыны	28/ 672				672					

Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны

№	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері	Барлық сағат	Оның ішінде			Сабақ түрі	Бағалау тапсырмалары
				теориялық	зертханалық-практикалық	Өндірістік оқыту / Кәсіптік практика		
1	Жарықтандыру және жарықтандыру желілері үшін кабель мен электр жабдықтарын таңдау және жарықтандыру мен жарықтандыру желілерін электр монтаждау бойынша дайындық жұмыстарын орындау	1. Жұмыс орнында техника қауіпсіздігін сақтайды.	4	2		2	теор, практ.	тест
		2. Есептегіші бар қалқанды, ажыратқыштарды, штепсельдік розеткаларды, тармақтағыш қораптарды, шырақтарды енгізуде орнату орнын анықтайды.	20	6	6	8
		3. Электр жабдықтарын (электр құралдарын) орнату орындарын ғимаратқа сымдарды енгізу орындарын белгілейді.	22	6	8	8
		4. Ашық электр сымдарының трассасын белгілейді.	36	6	14	16
		5. Жасырын электр сымдарының трассасын белгілейді.	36	6	14	16
		6. Жұмысқа қажетті сымдарды, кабельдерді, электр детальдарды жинау мен дайындайды.	24	6	6	12
		7. Тесіп өту жұмыстарын орындайды.	26	4	12	10

	Барлығы		168	36	60	72
2	Электр сымдарының барлық түрлерін монтаждау бойынша жұмыстарды орындау (жарылыс қаупі бар аймақтардағы сымдардан басқа)	1. Кабель төсеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды.	4	2		2
		2. Ішкі жасырын сымдарды орнатады.	34	6	12	16
		3. Ішкі ашық сымдарды орнатады.	36	6	12	18
		4. Тік сымдарды орнатады.	36	6	12	18
		5. Төбеге сымдарды орнатады.	34	4	12	18
	Модуль бойынша жиыны		144	24	48	72		...
3	Барлық түрдегі шамдарды, әртүрлі электр қондырғылары мен құрылғыларын орнату	1. Жарық диодты шамдарды орнатуды және қосуды жүзеге асырады.	22	4	4	14
		2. LED шамдарды орнатуды және қосуды жүзеге асырады.	22	4	4	14
		3. Іске қосу разрядты құрылғымен жиынтықта күндізгі жарық шамын орнату және қосуды орындайды.	28	6	6	16
		4. Ажыратқыштарды таңдайды және орнатады.	26	6	6	14
		5. Ажыратқыштар мен розеткаларды таңдауды және орнатуды жүзеге асырады.	22	4	4	14
	Модуль бойынша жиыны		120	24	24	72		...
4	Жарықтандыру желілері мен жабдықтарына жөндеу жүргізу	1. Техникалық қарау және жоспарлы жөндеу кестелерін әзірлейді.	16	2	4	10
		2. Ескірген немесе істен шыққан жабдықты ауыстыру үшін заманауи және сенімді жабдықты таңдайды.	30	8	6	16
		3. Ағымдағы жөндеуді орындайды.	66	12	14	40

	4. Төтенше жағдайдан туындаған жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын орындайды.	66	12	14	40
	5. Күрделі жөндеу жүргізуге қатысады.	62	12	12	38
	Модуль бойынша жиыны	240	46	50	144		
	Курстық жоба / жұмыс (жоспарланған болса)		-	-			
	Сағат жиынтығы	672	130	182	360		